ЖШС «В-ВОВЕК» бөбекжай-балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Тақырыбы:
«2025–2026 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі бағыттары»
Өткізілген күні: 28 қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «В-ВОВЕК» бөбекжай- балабақшасы
Педагогикалық кеңес төрағасы: меңгеруші Сармекова А.К.
Хатшы: Естемисова Ж.Ж.
Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтер

Педагогикалық кеңестің мақсаты
2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі бағыттарын айқындау, нормативтік-құқықтық және әдістемелік талаптарды басшылыққа ала отырып педагогикалық ұжымның жаңа оқу жылындағы міндеттерін белгілеу, жылдық жұмыс жоспарын талқылау, топтардың дайындығын зерделеу және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:
1. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері, нормативтік құжаттар мен әдістемелік нұсқау хат талаптары.
2. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы және заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру.

1-МӘСЕЛЕ бойынша
2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттері, нормативтік құжаттар мен әдістемелік нұсқау хат талаптары
ТЫҢДАЛДЫ:
Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Сармекова А.К. сөз алып, 2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталды.
Жаңа оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың басты мақсаты – әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын жан-жақты дамытуға қолайлы жағдай жасау екендігі айтылды.
Педагогтерге тәрбиелеу-білім беру процесін қолданыстағы нормативтік құжаттар мен 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес жоспарлау қажеттігі түсіндірілді.
Әдіскер жаңа оқу жылында ерекше назар аударылатын негізгі бағыттарды атап өтті. Соның ішінде балалардың **қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру, ауызекі сөйлеуінің барлық компоненттерін жүйелі дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, мектепалды даярлықтың сапасын қамтамасыз ету, экологиялық мәдениетті жетілдіру, құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру,**

буллингтің алдын алу, еңбекке және кәсіпке ерте баулу, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру жұмыстарының маңыздылығы түсіндірілді.
Балалардың тілдік дамуына ерекше назар аудару тапсырылды. Педагогтер күнделікті режимдік сәттерде, ойын барысында, серуенде, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық дұрыс сөйлеуіне, байланыстырып сөйлеуіне және өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасауы қажеттігі айтылды.
«Таза Қазақстан» бағыты бойынша экологиялық мәдениетті қалыптастыру тек арнайы іс-шаралармен шектелмей, күнделікті әрекетке кіріктірілуі керектігі айтылды. Балаларды өсімдіктерге күтім жасауға, суды, электр энергиясын, қағазды үнемдеуге, топ пен аула тазалығын сақтауға, табиғатқа қамқорлықпен қарауға баулу ұсынылды.
Сонымен қатар «Заң мен Тәртіп» қағидаттарын балалардың жас ерекшелігіне сәйкес қарапайым мінез-құлық ережелері, кезек күту, өзгенің құқығын құрметтеу, ортақ ережеге бағыну, әділдік және жауапкершілік арқылы қалыптастыру қажеттігі айтылды.
Буллингтің алдын алу бағытында балалардың эмоционалдық әл-ауқатына, құрдастарымен жағымды қарым-қатынасына, бір-біріне құрметпен қарауына және ренжіту мен агрессияның алдын алуға басымдық беру қажеттігі атап өтілді.
Педагогтерге жоспарлау барысында балаларға шамадан тыс оқу жүктемесін бермей, тәрбиелеу-білім беру процесін **ойын, қимыл, қарым-қатынас, зерттеу, шығармашылық, еңбек және дербес әрекеттер арқылы** ұйымдастыру ұсынылды.
Балалардың даму деңгейін анықтау мақсатында бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізіліп, нәтижесі бойынша жеке дамыту жұмыстары жоспарланатыны айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші Етемисова Ж.Ж.жаңа оқу жылында тіл дамыту жұмыстарын күнделікті әрекетпен кіріктіріп жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

2-МӘСЕЛЕ бойынша
Балабақшаның 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі және әдіскер Сармекова А.К. 2025–2026 оқу жылына әзірленген жылдық жұыс жоспарын педагогикалық ұжымның назарына ұсынды.
Жылдық жоспарды әзірлеу барысында өткен оқу жылындағы жұмыс нәтижелері, анықталған мәселелер, педагогтердің кәсіби қажеттіліктері, балалардың даму көрсеткіштері және жаңа оқу жылына қойылған міндеттер ескерілгені айтылды.
Жоспарда педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, семинарлар мен семинар-практикумдар, консультациялар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау, жас педагогтермен жұмыс, тәлімгерлік және озық педагогикалық тәжірибені тарату бағыттары қамтылғаны баяндалды.
Балалармен жүргізілетін жұмыстарда «Адал азамат» құндылықтары, «Заң мен Тәртіп» қағидаттары, «Қауіпсіздік мектебі», «Таза Қазақстан», еңбек тәрбиесі, шығармашылық жұмыстар, сайыстар мен көрмелерді жүйелі ұйымдастыру қарастырылғаны айтылды.
Ата-аналармен серіктестікті күшейту мақсатында жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары, консультациялар, ашық есік күндері, «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», бірлескен экологиялық, шығармашылық және сауықтыру іс-шаралары жоспарланғаны атап өтілді.
Сондай-ақ жоспарға педагог-психологтың, медицина қызметкерінің, шығармашылық топтың, қамқоршылық кеңестің жұмыстары, бақылау түрлері, құқықтық сауаттылық, ғимарат пен материалдық-техникалық базаны қамтамасыз ету және қауіпсіздік шаралары енгізілгені айтылды.

Жылдық жоспардағы әрбір іс-шараның формалды өткізілуіне емес, оның нақты нәтижесіне назар аудару қажеттігі айтылды. Әр жауапты тұлға белгіленген мерзімде жұмысты ұйымдастырып, нәтижесін анықтама, хаттама, талдау, мониторинг, фотоесеп немесе басқа тиісті құжаттар арқылы рәсімдеуі керектігі ескертілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогтер жылдық жоспардың негізгі бағыттарын қолдап, экологиялық тәрбие, қауіпсіздік, тіл дамыту және ата-аналармен жұмыс бағыттарын топтардың күнделікті циклограммаларымен сабақтастыру жөнінде ұсыныстар білдірді.

Меңгеруші жоспардың орындалуы оқу жылы бойы тұрақты бақылауда болатынын, қажеттілігіне қарай педагогикалық кеңес шешімі негізінде толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін екенін айтты.

3-МӘСЕЛЕ

Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы және дамытушы ортаны ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Сармекова А.К. топтардың жаңа оқу жылына дайындығы жөніндегі бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Балабақшадағы жас топтарының бөлмелері, жатын бөлмелері, қабылдау орындары, ойын және шығармашылық аймақтары, санитарлық тораптар, серуен алаңдары қаралғаны айтылды.

Топтардағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде балалардың **жасы, қызығушылығы, жеке қажеттілігі, қауіпсіздігі және дербес әрекет ету мүмкіндігі** ескерілуі қажеттігі атап өтілді.

Дамытушы орта балаға материалды тек көруге емес, оны еркін алып пайдалануға, таңдау жасауға, ойнауға, зерттеуге, құрастыруға, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік беруі тиіс екені түсіндірілді.

Топтарда кітап қарауға, сюжеттік-рөлдік ойындарға, құрастыруға, сенсорлық және математикалық әрекеттерге, табиғатты бақылауға, шығармашылық жұмысқа және балалардың тыныш демалуына арналған орындарды жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастыру ұсынылды.

Көрнекіліктер мен ойын материалдарын шамадан тыс көбейтпеу, балалардың көру аймағына сәйкес орналастыру, сынған немесе қауіп төндіретін ойыншықтарды пайдаланбау тапсырылды.

Топтағы жиһаздардың тұрақтылығы, балалардың жасына сәйкестігі, ойыншықтардың тазалығы, электр розеткаларының қауіпсіздігі, өткір және ұсақ қауіпті заттардың балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы қажеттігі ескертілді.

«Таза Қазақстан» бағытын қолдау мақсатында табиғат бұрыштарында балалардың жасына сәйкес өсімдіктерді күту, бақылау, қарапайым зерттеу еңбек әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: және

Шаруашылық меңгерушісі Сармекова А.К.топтардағы жиһаздар мен құрал-жабдықтардың техникалық жағдайын тұрақты тексеріп отыру қажеттігін айтты.

Тәрбиешілер дамытушы ортаны балалардың қызығушылығына қарай оқу жылы барысында өзгертіп және толықтырып отыру жөнінде пікір білдірді.

4-МӘСЕЛЕ

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Сармекова А.К. балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі басымдығы екенін атап өтті.

Баланың балабақшаға келген сәтінен ата-анасына тапсырылғанға дейінгі кезеңде оның қауіпсіздігіне жауапты қызметкерлердің өз міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарауы керектігі айтылды.
Тәрбиешілерге балаларды топта, дәлізде, серуен кезінде, ұйымдастырылған іс-әрекетте, тамақтану және басқа режимдік сәттерде қараусыз қалдыруға жол берілмейтіні ескертілді.
Серуенге шығар алдында ойын алаңының жағдайын тексеру, қауіпті заттардың болмауын қадағалау, балалардың киімінің ауа райына сәйкестігін бақылау және серуен барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігі тапсырылды.
Жол қозғалысы қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, тұрмыстық қауіпсіздік, табиғат аясындағы қауіпсіздік және төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер балаларға жасына сәйкес ойын, әңгіме, суреттер, практикалық жаттығулар және жағдаяттық тапсырмалар арқылы жүйелі түсіндірілуі тиіс екені айтылды.
Өрт немесе төтенше жағдай кезінде қызметкерлердің әрекет ету алгоритмі, эвакуациялық шығу жолдары, балаларды қауіпсіз жерге шығару тәртібі қайта пысықталды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:
Педагогикалық кеңес күн тәртібіндегі төрт мәселені жан-жақты талқылай келе:
1. 2026–2027 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттарына сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Балабақшаның 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мақұлданып, басшылыққа алынсын.
3. Педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесін балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойынға негізделген және кіріктірілген тәсілмен ұйымдастырсын.
4. Балалардың ауызекі сөйлеуінің барлық компоненттерін жүйелі дамытуға күнделікті жұмыс барысында басымдық берілсін.
5. Қауіпсіздік мәдениеті, салауатты өмір салты, «Таза Қазақстан», «Заң мен Тәртіп», еңбек тәрбиесі, академиялық адалдық және буллингтің алдын алу бағыттары барлық топтардың жұмысында жүйелі қамтылсын.
6. Барлық жас топтарында қауіпсіз, қолжетімді, мазмұнды және баланың дербес әрекетіне мүмкіндік беретін заттық-кеңістіктік дамытушы орта қамтамасыз етілсін.
7. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, санитарлық-гигиеналық, өрт және төтенше жағдай қауіпсіздігі талаптарының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.
8. Педагогтер мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығы күшейтіліп, отбасыға педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
9. Балалардың даму мониторингі белгіленген кезеңдерде жүргізіліп, нәтижесі бойынша жеке дамыту жұмыстары жоспарлансын.
10. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына аралық бақылау жүргізіліп, нәтижесі келесі педагогикалық кеңестерде қарастырылсын.
Қаулының орындалуын бақылау: балабақша меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Меңгеруші /әдіскер: Сармекова А.К.

"В-ВОВЕК"